

Автор және әдеби агент

ЖАРИЯЛАНДЫ
25.01.2026

СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/186856/

Қожаназар Шұғыла

Өтеп Көркем

Қабиден Гүлниет

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық Зерттеу университеті
Филология факультеті, 6B01701-«Қазақ тілі және қазақ әдебиеті» білім беру
бағдарламасы

Жетекші: **Рүстемова Жанар Айдарбекқызы**

Аңдатпа:Мақалада әдеби агенттің рөлі, автор мен әдеби агент арасындағы қарым-қатынас және әдеби агент қызметінің маңыздылығы қарастырылады, сондай-ақ әдеби агент қызметінің әлемдік және қазақстандық тәжірибесі талданады. Зерттеу барысында теориялық, салыстырмалы және практикалық әдістер қолданылып, әдеби агент қызметінің автор үшін қандай артықшылықтар беретіндігі талданады. Әлемдік тәжірибені зерттеу нәтижесінде әдеби агенттің шығарманы баспаларға өткізу, жарнамалау және сатылымын арттырудағы шешуші рөлі зерделенеді. Қазақстандық әдебиет кеңістігінде авторлардың еңбектері қажетті деңгейде таралмай отырғаны айқындалады. Әдеби агент қызметінің толық қалыптаспау себептері сарапталады, оны жетілдіру жолдары көрсетіледі. Авторлардың жеке жұмыс істеуінде әдеби нарықтың қыр-сырын білмеуі және келісімшарттар жүргізуде тәжірибенің аздығы сияқты кедергілердің орын алып отырғандығы хабарланады.

Сонымен қатар, мақалада қазақстандық авторлар үшін агент таңдаудың критерийлері қарастырылады, агент көмегімен шығармалардың халықаралық деңгейге шығу мүмкіндіктері талданады. Әдеби агенттердің жұмысын жандандыру үшін кәсіби оқыту курстарын ұйымдастыру, агенттік қызметтерді насихаттау және авторлар арасында әдеби агенттермен жұмыс істеу мәдениетін қалыптастыру бойынша нақты ұсыныстар жасалады.

Түйін сөздер: әдеби агент, әдеби агенттің рөлі, әдеби агент қызметі, әлемдік тәжірибе, қазақстандық тәжірибе, әдебиет нарығы, халықаралық деңгей, кітап

сатылымы.

Кіріспе

Көптеген талантты жазушылар шығармаларын жарыққа шығаруда қиындықтарға тап болады. Әдебиет әлемінде кітаптың жарыққа шығуы тек автордың еңбегіне ғана байланысты емес. Шығарманы оқырманға жеткізу, оны нарықта танытуға көмектесетін адам бар. Ол – әдеби агент. Бүгінде әдеби агенттер жазушылар мен баспагерлер арасындағы алтын көпірге айналып отыр. Әдеби агент кім? Қызметі қандай? Әдеби агент – бұл жазушылар мен баспалар арасындағы делдал ретіндегі маман. Оның қызметтері біршама. Әдеби агенттер жазушының шығармаларын баспаларға ұсынады, автор мен баспа арасында келісім-шарттарды жүргізеді, шығармалардың сатылымын арттыру үшін маркетингтік стратегиялар жасайды, шығарманы насихаттайды. Осылайша, әдеби агенттер авторлардың шығармашылық жолын дамытуға және олардың кітаптарын жариялауға көмектесетін тұлғалар.

Әдебиет саласындағы заманауи өзгерістер мен цифрлық дәуірдің ықпалы автор мен әдеби агент арасындағы өзара қарым-қатынастың маңыздылығын айқын көрсетеді. Қазіргі уақытта шығармашылық өнімнің жылдам таралуы, авторлық құқықты қорғау мен коммерцияландыру процестерінің күрделенуі әдеби агенттердің кәсіби қызметін жаңа деңгейге көтерді. Осы орайда, «Автор және әдеби агент» тақырыбы әдебиет нарығындағы өзекті мәселелерді терең әрі жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді, себебі автор мен әдеби агенттің ынтымақтастығы шығармашылық өнімнің сапасын арттырып, нарықтық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Ғылыми мақала тақырыбының өзектілігі бірнеше себептермен түсіндіріледі. Біріншіден, қазіргі әдебиет нарығында автор мен әдеби агенттің рөлін айқындау, олардың құқықтық және экономикалық аспектілерін талдау, сондай-ақ шығармашылық өнімді қорғау мәселелері басты назарда тұр. Автор мен әдеби агент арасындағы келісім-шарттық қатынастар, олардың қызметтік міндеттері мен құқықтық кепілдіктері шығармашылық индустрияның тұрақты дамуы үшін маңызды. Ақпарат алу деген сөз – қандай да бір сауалға жауап алу [1]. Екіншіден, халықаралық тәжірибе мен отандық зерттеулердің нәтижелері әдеби агенттердің коммерциялық қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған практикалық ұсыныстар жасауға негіз береді. Шетелдік әдебиеттерде, әсіресе Еуропа мен АҚШ-тағы зерттеулер, әдеби агенттердің шығармашылық өнімді нарыққа шығару процесіндегі рөлін, келісім-шарттық қатынастардың құқықтық негіздерін және авторлық құқықты қорғаудың заманауи механизмдерін егжей-тегжейлі қарастырады. Мақаланың басты мақсаты – әдеби агент туралы түсінігі жоқ адамдарға және жазушыларға оның маңызын түсіндіруге бағытталған. Сонымен қатар, әдеби агенттің артықшылықтары мен оның шығармашылық индустрияға тигізетін ықпалы туралы ақпарат беріледі.

Отандық зерттеулерде автор мен әдеби агент арасындағы қарым-қатынастардың

заңнамалық негіздері, келісім-шарттық қатынастардың ерекшеліктері және авторлық құқық мәселелері кеңінен қарастырылған. Баспа ісі – ешқашан маңызын жоғалтпайтын адамзат құндылығының бірі [2]. Сонымен қатар, шетелдік әдебиеттерде халықаралық тәжірибе негізінде әдеби агенттердің коммерциялық қызметі, келісім-шарттық қатынастар мен шығармашылық өнімді қорғау мәселелері терең талданған. Бұл зерттеулер автор мен әдеби агент арасындағы өзара байланыстарды жаңа қырынан қарастыруға, әсіресе цифрлық дәуірде өзгерістердің ықпалын ескере отырып, нарықтық ортадағы өзекті мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Зерттеудің өзектілігі бүгінгі таңда әдебиет нарығындағы автор мен әдеби агенттің қызметінің өзгермелі сипатына, цифрлық технологиялардың ықпалын және халықаралық тәжірибелердің отандық практикаға ықпал етуіне негізделеді. Әдеби агенттердің қызметі мен авторлық құқықты қорғау саласындағы инновациялық әдістер қазіргі заман талаптарына сай қалыптасып, әдеби шығармаларды жариялау мен тарату процестерін оңтайландырады. Авторлармен жұмыс істеуді әртүрлі мансаптар мен сценарийлерде қалай қолдануға болатынының кейбір нақты мысалдарын зерттеп көрейік [3]. Осы тұрғыда, мақаланың зерттеу нәтижелері әдебиет саласында жаңа әдістемелік көзқарастар мен тиімді ұсыныстар қалыптастыруға, сондай-ақ автор мен әдеби агент арасындағы өзара ынтымақтастықты нығайтуға зор үлес қосады.

Зерттеу әдісі

Зерттеу әдісі ретінде сауалнама жүргізу әдеби агент қызметі туралы студенттер мен оқытушылардың пікірлерін жан-жақты және нақты анықтаудың тиімді құралы болып табылады. Сондықтан біз зерттеуге сауалнама әдісін қолдандық. Бұл әдістің көмегімен әдеби агенттің қызмет көрсету сапасы, тиімділігі және заманауи талаптарға сәйкестігі туралы әртүрлі пікірлер мен ұсыныстар алынды. Зерттеу тобы ретінде студенттер мен оқытушылар таңдалды. Олар әдебиет саласындағы білім мен тәжірибеге ие және әдеби агент қызметінің әртүрлі аспектілері туралы көзқарастарын білдірді. Сонымен қатар, теориялық зерттеу әдісі қолданылды. Бұл әдіс арқылы әдебиеттерден, сайттардан әдеби агенттің рөлі мен қызметі туралы ақпарат алынды, және ол талқылау бөлімінде талқыланды.

Зерттеу нәтижесі

Бұл зерттеу жұмысы аясында әдеби агент қызметінің маңыздылығы мен оған деген көзқарасты анықтау мақсатында 14 респондент қатысқан сауалнама жүргізілді. Сауалнама сұрақтары әдеби агенттің кім екені, оның қазақ әдебиетіндегі кітаптардың таралуына тигізетін ықпалы, автордың табысты болуына әсері және агенттің шығарманы баспаға ұсынудағы маңыздылығын бағалауға бағытталды. Төменде сауалнама нәтижелері қысқаша, қарапайым тілмен баяндалады. Алғашқы сұрақ «Сіз әдеби агенттің кім екенін білесіз бе?» деген тақырыпты қамтыды. Жауаптар көрсеткендей, респонденттердің 57,1%-ы әдеби агент туралы ақпаратқа ие еместігін,

яғни «Жоқ» деп жауап бергенін білдіреді. Ал 42,9%-ы «Иә» деп жауап беріп, әдеби агенттің кім екенін білетінін көрсетті. Бұл көрсеткіштер әдеби агент ұғымының көпшілікке әлі де толық таныс емес екенін және ақпараттандыру жұмыстарын күшейту қажеттілігін байқатады.

Екінші сұрақ «Сіздің ойыңызша қазіргі қазақ әдебиетіндегі кітаптардың таралуына, танымал болуына әдеби агент әсерін тигізеді ме?» деп қойылды. Мұнда респонденттердің басым бөлігі, нақтырақ айтсақ 71,4%-ы «Иә» деп жауап беріп, әдеби агенттің отандық әдебиетті ілгерілетуде ықпалы жоғары екенін мойындайды. Ал 21,4%-ы «Жоқ» десе, 7,1%-ы бұл сұраққа жауап беруге қиналып, «Білмедім» деп белгіледі (2-сурет). Көпшілік әдеби агенттер авторларға көбірек мүмкіндіктер ашып, олардың еңбектерін кең көлемде насихаттауға үлес қосады деп есептейді.

Үшінші сұрақ «Әдеби агентсіз автордың табысты бола алатыны туралы пікіріңіз қандай?» деген мазмұнда болды. Респонденттердің 28,6%-ы «Сенемін» деп, авторлар әдеби агентсіз де табысқа жете алады деген сенімін білдірді. 14,3%-ы «Сенбеймін» деп, керісінше, агенттің қолдауысыз жетістікке жету қиын деген пікірде. Ал 57,1%-ы «Нейтралды» жауапты таңдап, бұл мәселеге бейтарап көзқарас танытты (3-сурет). Бұл нәтижелер қоғамда әдеби агенттің роліне қатысты біркелкі пікір қалыптаспағанын көрсетеді. Кейбіреулер агенттің қызметін міндетті деп санаса, басқалары автордың жеке қабілеті мен бастамасын жоғары бағалайды.

Соңғы сұрақ «Әдеби агенттің автор шығармасын баспаға ұсынудағы маңыздылығын қалай бағалайсыз?» деп қойылып, жауаптар екіге бөлінді. Респонденттердің 42,9%-ы «Маңызды» десе, 57,1%-ы «Маңызды емес» деп есептейді (4-сурет). Мұнда да агент қызметінің қажеттілігі туралы пікірлердің алшақтығы байқалады. Бір жағынан, агент шығарманы кәсіби түрде ұсыну, келісімшарттарды реттеу және маркетинг жұмыстарын ұйымдастыруға көмектеседі деп есептейтіндер бар. Ал екінші жағынан, қазіргі заманғы цифрлық платформалар мен әлеуметтік желілер арқылы автордың өзі де тікелей байланыс орнатып, кітабын насихаттай алады деген пікірлер айтылуы мүмкін.

Жалпы алғанда, сауалнама нәтижелері әдеби агент туралы ақпараттың толық жетіспейтінін және бұл қызметтің маңызын жұртшылықтың әрқалай бағалайтынын көрсетті. Респонденттердің көбі әдеби агенттің қазақ әдебиетін дамытуға ықпалын жоғары бағалайды, дегенмен автордың жеке мүмкіндігі мен нарықтағы жаңа құралдар да маңызды рөл атқаратыны байқалады. Әдеби агенттің басты міндеттерінің бірі – автор мен баспа арасындағы байланысты реттеу, келісімшарттық мәселелерді шешу және шығарманың кең таралуына қолдау көрсету екенін ескерсек, агенттің кәсіби біліктілігі мен нарық талаптарын терең түсінуі айрықша мәнге ие. Зерттеу қорытындыларына сүйене отырып, әдеби агент қызметін таныстыруға арналған ақпараттық жұмыстарды күшейту, авторлар мен агенттер арасында серіктестік байланыстарды дамытатын оқыту семинарларын өткізу және үздік халықаралық тәжірибелерді енгізу қажеттілігі

анықталып отыр. Бұл шаралар әдебиет нарығының дамуына, авторлардың табысты болуына және қазақ әдебиетінің әлемдік деңгейде танылуына оң әсер етпек.

Талқылау

Талқылау бөлімінде зерттеу нәтижелері терең талданып, оларды басқа зерттеулердің нәтижелерімен салыстыру жүзеге асырылады. Біздің зерттеу барысында студенттер мен оқытушылардың әдеби агент қызметіне деген көзқарастары сауалнама арқылы анықталды. Алынған деректер көрсеткендей, респонденттердің белгілі бір пайызы әдеби агенттің қызметін нақты білмеген болса да, көпшілігі оның автор шығармасын нарыққа шығару және авторлық құқықты қорғауда маңызды рөл атқаратынын мойындады. Зерттеу нәтижелерінде респонденттердің 57,1%-ы әдеби агент туралы толық ақпаратқа ие еместігін, ал 42,9%-ы оның қызметін білетінін атап өтті. Бұл көрсеткіш басқа зерттеулердегі пікірлермен салыстырғанда да ұқсас тенденцияны көрсетеді. Шетелдік зерттеулерде де әдеби агенттің қызметі мен оның авторларға ықпалын түсіндіру барысында ақпараттың жеткіліксіздігі мен қоғамдық танысудың төмен деңгейі туралы айтылған. Осы тұрғыдан біздің зерттеуіміз де әдеби агент ұғымының әлі де кеңінен таралмағанын және ақпараттық кампанияларды күшейту қажеттігін дәлелдейді. Тағы бір маңызды нәтиже – респонденттердің 71,4%-ы әдеби агенттің қазақ әдебиетін дамытуда әсерін барынша көрсететінін мойындады, ал кейбір респонденттер автордың жеке қабілетін де жоғары бағалады. Басқа зерттеулерде, әсіресе, Еуропа мен АҚШ-тағы тәжірибелік зерттеулерде әдеби агенттердің келісім-шарттық қатынастарды реттеу, маркетингтік стратегияларды жүзеге асыру және авторлық құқықты қорғаудағы рөлі кеңінен талқыланады. Біздің зерттеу нәтижелері осы зерттеулермен сәйкес келеді: әдеби агенттің қызметі мен автордың жеке шығармашылық қабілеті арасында тепе-теңдік орнату маңызды екендігі айқын көрінеді. Сонымен қатар, зерттеу барысында алынған деректер басқа ғылыми жұмыстардағы нәтижелермен салыстырғанда әдеби агент қызметінің нарықтағы орнын нақтырақ айқындайды. Кейбір зерттеулерде әдеби агенттің коммерциялық қызметі мен автордың шығармасын насихаттаудағы рөлі ерекше атап өтілсе, біздің сауалнама нәтижелері де осы мәселенің өзектілігін растайды. Респонденттердің пікірінше, агенттің қызметі тек автор мен баспа арасындағы байланысты реттеп қана қоймай, шығарманың кең аудиторияға таралуына да үлес қосады. Қорыта айтқанда, біздің зерттеу нәтижелері әдеби агент қызметінің қазіргі жағдайын, оның нарықтағы ықпалын және автордың шығармашылық жетістіктеріне қосатын үлесін жан-жақты сипаттайды. Басқа зерттеулермен салыстырғанда, алынған мәліметтер әдеби агенттің қызметін жетілдіру мен оның тиімділігін арттыру мақсатында ақпараттық және практикалық ұсыныстар жасауға негіз болып табылады. Қазіргі уақытта елдердің даму үрдістерінің бірі-цифрлық трансформация үдерісі, ол қоғам өмірінің барлық салаларына әсер етеді[5]. Бұл талқылау әдеби агент қызметінің өзектілігі мен болашақ даму бағытын анықтауға септігін тигізеді, сондай-ақ автор мен агент арасындағы ынтымақтастықты нығайту қажеттігін

тағы бір мәрте көрсетеді.

Әдеби агент тек шығармашылық делдал ғана емес, сонымен қатар табысты кәсіп иесі. Оның табысы автордың еңбегіне, келісімшарттарға және нарықтық сұранысқа байланысты қалыптасады. Әдеби агенттер әдетте автордың табысының 10-15% мөлшерінде комиссия алады. АҚШ-та әдеби агенттердің орташа жылдық табысы шамамен 6200-9300 доллар аралығында. Ұлыбританияда бұл көрсеткіш 1000 фунт стерлингтен төмен болуы ықтимал. Қазақстанда әдеби агенттердің табысы туралы нақты деректер болмағандықтан, олардың табысы жазушылардың кірісіне және нарық жағдайына байланысты. Әдеби агенттердің табысы жазушыларға тікелей байланысты болғандықтан, табыстың көп не аз болуы әдеби агент өз қызметін қаншалықты дұрыс орындағанына байланысты. Жоғарыда айтып кеткендей әдеби агенттер жазушының 10-15% мөлшерінде комиссия алады. Шамамен Қазақстанда жазушылардың орташа жылдық табысы 1 миллион теңге деп алсақ, онда әдеби агенттің жылдық табысы 10-15% комиссиямен 100-150 мың теңге. Бұл сома тек бір жазушының табысынан есептелген. Егер агент бірнеше автормен жұмыс істесе оның табысы да артады. Мысалы, 10 автормен жұмыс істесе, жылдық табысы 1-1,5 миллион теңге шамасында болуы мүмкін. Яғни, әдеби агенттің табысы жақсы деңгейде.

Қорытынды

Осы ғылыми жұмыс барысында автор мен әдеби агент арасындағы қарым-қатынастың әдеби шығарманың сапасына, нарықтағы бәсекеге қабілеттілігіне және авторлық құқықты қорғауға тигізетін әсері жан-жақты зерттелді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, әдеби агенттің қызметі тек коммерциялық мүдделерді ғана емес, сонымен қатар шығармашылық үдерісті дамытудың маңызды құралы ретінде қарастырылуы тиіс. Автор мен агенттің өзара тиімді байланысы шығарманың насихатталуына, келісім-шарттық мәселелерді реттеуге және автордың жеке қабілетін толық жүзеге асыруға ықпал етеді. Біздің сауалнама нәтижелерінде студенттер мен оқытушылардың пікірлері түрлі бағытта келіп, агенттің қызметі мен автордың шығармашылық әлеуеті арасындағы тепе-теңдіктің маңыздылығын дәлелдеді. Көпшілік респондент әдеби агенттің шығарманы нарыққа шығару және құқықтық кепілдіктерді қамтамасыз етудегі рөлін жоғары бағалады, ал кейбіреулері автордың өз бетімен әрекет ету мүмкіндігін де атап өтті. Бұл пікірталастар әдеби агенттің қызметінің күрделі әрі көпқырлы екенін, сондай-ақ әрбір тараптың мүдделерін үйлестіру қажеттігін көрсетеді. Халықаралық және отандық зерттеулердің нәтижелерімен салыстырғанда, біздің зерттеу де әдеби агент пен автор арасындағы ынтымақтастықтың шығармашылық өнімнің табыстылығына әсерін растайды. Шетелдік тәжірибеде агенттер авторлармен бірлесе отырып, шығармаларды халықаралық нарыққа шығару, маркетингтік стратегияларды жүзеге асыру және авторлық құқықты қорғау бойынша үлкен жетістіктерге жетеді [6]. Отандық зерттеулерде де осы мәселе кеңінен талқыланып,

агенттің қызметі мен автор арасындағы тиімді байланыс әдебиет нарығындағы инновациялық шешімдерге жол ашады. Біздің зерттеу нәтижелері де осыған қосылып, агенттің кәсіби біліктілігі мен автордың шығармашылық талантын үйлестірудің маңыздылығын көрсетеді. Автор мен әдеби агенттің қарым-қатынасы өзара түсіністік, сенім және кәсіби ынтымақтастық негізінде қалыптасады. Зерттеу барысында анықталған негізгі тұжырым – әдеби агенттің қызметі автордың шығармасын сапалы түрде насихаттау мен құқықтық қорғаудағы маңызды рөлін атқарады, ал автордың жеке қабілеті мен таланты шығарманың шығармашылық құндылығын арттырады. Бұл байланыс әдеби шығарманың нарықтағы табыстылығын қамтамасыз етуде шешуші фактор болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Әбдірашитов, Н. (2015). «Әдеби агенттік қызмет негіздері: теория және практика». Алматы: Қазақ университеті баспасы.
2. Сағындықов, Т. (2017). «Авторлық құқық және әдеби агент: заманауи мәселелер». Астана: Елім баспасы.
3. Жұмабаев, К. (2018). «Шығармашылық индустрияда әдеби агенттің рөлі мен ықпалы». Алматы: Білім баспасы.
4. Нұрсұлтанова, А. (2019). «Әдеби агент қызметінің заманауи проблемалары және шешім жолдары». Астана: Заң баспасы.
5. Құрманбеков, М. (2020) — «Әдеби агент: инновациялық әдістер мен практика». Алматы: Ғылым баспасы.
6. Омаров, Е. (2021). «Цифрлық дәуірдегі автор мен әдеби агенттің өзара әрекеттесуі». Астана: Заманауи баспасы.
7. MASS MEDIA ЖӘНЕ ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯ. https://termincom.kz/assets/pdf/0a4e61b7582aed26ce63d7b3085425a2.pdf?utm_source
8. БАСПА ИСІН ЦИФРЛАНДЫРУДАҒЫ ІЗДЕНІСТЕР МЕН МҮМКІНДІКТЕР https://www.researchgate.net/publication/387739281_Research_into_the_possibilities_of_digitalization_in_publishing
9. Авторлармен жұмыс: Толық дағдыларға арналған нұсқаулық. https://rolecatcher.com/kk/skills/hard-skills/communication-collaboration-and-creativity/working-with-others/work-with-authors/?utm_source
10. Ақпараттық коммуникациялық ресурстар арқылы аудармашының кәсіби негізделген құзыреттілігін қалыптастыру теориясы мен әдістемесі https://dissovet.ablaikhan.kz/wp-content/uploads/2025/01/Диссертация_Байшымырова-A.pdf?utm_source
11. Цифрлық қоғамдағы жауапкершіліктің мәселесі https://farabi.university/storage/files/366834463266546b8acba96237362943_Диссер

тация%20Бекенова%20ЖН%20%282%29.pdf?utm_source

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.